

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
27.10.2021 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 27.10.2021 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына беріледі.

**БРЕКЕШЕВ С.А.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазіргі уақытта Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 408-бабында қаңғыбас иттер мен мысықтарды ұстау, серуендету, аулау және жою ережелерін бұзғаны үшін 3-тен 10 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл қарастырылған. Сонымен бірге бұл бапта қаңғыбас жануарларды аулау, жануарларды есепке алу және өлтіру кезіндегі мұндай бұзушылықтар қамтылмаған және қорыта келгенде, жануарларға қатыгездік жасағаны үшін жеке бап болған жоқ.

Осыған байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу туралы ілеспе заң жобасы жануарларға қатыгездікпен қарау және үй және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, ұстау, есепке алу, серуендету, тасымалдау, жансыздандыру қағидаларын бұзуға арналған жекелеген баптарды бөлу бөлігінде пысықталды.

Мәселен, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасының 407-1-бабында жануарларға қатыгездікпен қарағаны үшін жеке тұлғаларға 5-тен 20 айлық есептік көрсеткішке дейін, лауазымды тұлғаларға 10-нан 40 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл көзделген.

407-2-баптың ұсынылған редакциясында үй және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, ұстау, есепке алу, серуендету, тасымалдау, жансыздандыру ережелерін бұзғаны үшін жеке тұлғаларға 10-нан 20 айлық есептік көрсеткішке дейін, лауазымды тұлғаларға 20-дан 30 айлық есептік көрсеткішке дейін, заңды тұлғаларға 30-дан 40 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл қарастырылған.

Заң жобасын әзірлеу кезінде айыппұл мөлшерін анықтау бойынша халықаралық тәжірибе ескерілді. Мәселен, Германияда жануарларды серуендету тәртібін бұзғаны үшін айыппұл 68 еуроны құрайды, бұл 33 мың теңгеге тең. Ресей Федерациясында 15 мың теңгеге тең айыппұл қарастырылған. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Ішкі істер министрлігінің өкіліне бағытталады.

Заң жобасымен «Жануарларға қатыгездікпен қарау» атты 407-1-бапта көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау құзыреті Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне және жергілікті атқарушы органдарға бекітіліп отыр.

Іс жүзінде мұнымен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторлар мен әкімдіктер құрған ветеринариялық ұйымдар айналысатын болады.

Факті бойынша инспекторлар аңшылық алқаптар мен шаруашылықтар аумақтарында жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асырады, ал енді олар елді мекендер аумағындағы жануарларды бақыламайды.

Аудандарда әкімдіктер аудан орталығында, кентте және ауылдық округте пункттері бар мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады. Өкінішке орай, олардың штаты шектеулі. Біздің ойымызша, бұл функцияны іске асыру кезінде ішкі істер органдарының учаскелік инспекторлары да белсенді жұмыс жүргізе алады. Сондықтан депутаттар ішкі істер органдарына тиісті құзырет беретін түзету енгізіп отыр.

Осыған байланысты сіздер мынаны түсіндіріп беріңіздерші, бұл мәселе бойынша әзірлеушілердің және Ішкі істер министрлігінің ұстанымы қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Серікқали Аманғалиұлы, Сізден бастайық, содан кейін Марат Шадетханұлына сөз береміз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Біз бұл мәселені Ішкі істер министрлігімен қарастырдық. Депутаттардың «Жануарларға қатыгездікпен қарау» атты 407-1-бапта көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау құзыретін ішкі істер органдарына беру туралы түзетулерін толық қолдаймыз.

Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің бабында көзделген әкімшілік істерді қарау құзыреті Ішкі істер министрлігінің қызметкерлеріне жүктеледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Шадетханұлы, қосатыныңыз бар ма?

ҚОЖАЕВ М.Ш. Сұрағыңызға көп рақмет.

Жана министр айтып кеткендей, оның барлығы талкыланды. Жануарларға қарау, сондай-ақ серуендету, тасымалдау ережелерінің барлығы біздің құзыретімізде болады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ережесін бұзған адамдарды жауапқа тартамыз. Бүгінгі күні де солай. Үкіметтің ұсынған редакциясы бойынша біздің құзыретімізде қала береді.

Кейбір заң бұзушылықтарды, мысалы, есепке қою тәртібін бұзғанын, өсіп-өндіру, екпе салу бойынша заң бұзушылықтарды жергілікті әкімшіліктің және құзыретті органдардың мамандары қарайды. Ол дұрыс деп есептейміз, себебі бізде ондай мамандар жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтар аяқталды.

Серікқали Аманғалиұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Милютин Александр Александровичке беріледі.

МИЛЮТИН А.А. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! Данный законопроект разработан в целях установления административной ответственности в области обращения с животными, их защиты, прав и иных законных интересов граждан при обращении с животными, а также укрепления нравственности и соблюдения принципа гуманности общества.

Законопроект направлен на:

введение административной ответственности за жестокое обращение с животными и нарушение законодательства в сфере обращения с животными;  
установление административной ответственности за нарушение правил выпаса сельскохозяйственных животных;

наделение соответствующими компетенциями органов внутренних дел, уполномоченного органа в области лесного, рыбного и охотничьего хозяйства и местных исполнительных органов.

По законопроекту проведена презентация.

В рабочую группу поступило 11 поправок, которые рассмотрены на четырех заседаниях рабочей группы с участием представителей заинтересованных министерств и общественных организаций и расширенном заседании комитета.

Все комитеты Мажилиса представили положительные заключения, в которых поддерживают концепцию законопроекта.

Предлагаю одобрить данный законопроект в первом чтении. Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Александр Александрович.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Заң жобасының негізгі мақсаты «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобаларының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасында жануарларға қатыгездік көрсеткені, жануарларға қарау саласындағы заңнаманы бұзғаны, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, иесіз иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін түзетулер енгізіліп отыр.

Заң жобасының түзетулері ішкі істер органдарына, орман, балық және аңшылық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға істерді қарау бойынша құзыреттер беруге бағытталған.

Осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

ТӨРАҒА. Ракмет, Мұхтар Тілдәбекұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ, талқылау барысында, құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.



*Дүріс: Құжатташпен қамтамасыз ету  
Әкімнің сөзін негіздеуісі  
Маш Н.Маштанова.*